



BAITURSYNULY
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 2
2024

ISSN 2310-3353



PUBLISHINGS
K S P I



Қ М П И
ЖАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
К Г П И

2024 ж., сәуір, №2 (74)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: *Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті*

Бас редактор: *Қуанышбаев С. Б.*, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

Бас редактордың орынбасары: *Жарлығасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әлімбаев А.Е., философия докторы (PhD), А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

Емин Атасой, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

Зоя Микниене, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

Качев Д.А., философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

Ксембаева С.К., педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

Лина Анастасова, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

Медетов Н.А., физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

Мишулина О.В., экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

Соловьев С.А., биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

Скоруходов Д.М., техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

Сычева И.Н., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

Ташев А.Н., экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

Уразбоев Г.У., физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Байтұрсынұлы к., 47
(Редакциялық-баспа бөлімі)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

№2 (74), апрель 2024 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы*

Главный редактор: *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

Заместитель главного редактора: *Жарлығасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбаев А.Е., доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

Емин Атасой, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

Зоя Микниене, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

Качеев Д.А., кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

Ксембаева С.К., кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.

Лина Анастасова, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

Медетов Н.А., доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

Мишулина О.В., доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

Соловьев С.А., доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

Скороходов Д.М., кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

Сычева И.Н., кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

Ташев А.Н., кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

Уразбоев Г.У., доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынұлы, 47
(Редакционно-издательский отдел)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

Әдебиеттер тізімі

1. «Бір жұлдыз болып жанам мен ...»: Зейнолла Шүкіров туралы естеліктер, мақалалар, хаттар, өлеңдер, поэмалар. – Қызылорда: Тұмар, 2007. – 408 б.
2. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Жазушы, 1958.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
4. Зейнолла Шүкіров. Қасиетті сезім. Әңгімелер мен повестер. Алматы: Ата-мұра, 2009. – 312 б.

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., МЕШИТБАЙ, А.Қ. ПЕЙЗАЖ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ЗЕЙНОЛЛЫ ШУКУРОВА

При взгляде на творчество представителей мировой поэзии непроницаемая цель любого из них-природа. В этой статье рассказывается о мастерстве Зейноллы Шукурова, писателя, поэта родного народа.

Ключевые слова: *Природа, лирика природы, сравнение, эпитет.*

BEKBOSYNOVA, A.KH., MESHITBAY, A.K. LANDSCAPE IN THE WORKS OF ZEYNOLLA SHUKUROV

When exploring the literary works of global poets, an unyielding motif for each of them is nature. This article delves into the artistry of Zeynolla Shukurov, a writer and poet hailing from his indigenous community.

Key words: *Nature, lyrics of nature, comparison, epithet.*

ӘОК 81'373; 801.8

М. Қожанұлы

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс
университеті, Астана қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚТЫҢ КҮЛДІРГІ ӘЗІЛ-ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЭТНОНИМДЕР ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Түйін

Мақала халық ауыз әдебиетінің бір саласы – күлдіргі әзіл-қалжың әңгімелерді отандық ғалымдар көзқарастарына сүйеніп, қазақ ономастикасы аясында қарастырылады.

Автор қазақтың күлдіргі әзіл-әңгімелеріндегі «би-шешендер айтты» деген кейбір руларға қатысты қалжың, әзіл-оспақ сөздерге тоқталып, олардың ономастикалық кеңістіктегі қыр-сырын танып-білуге де болатынын алға тартады.

Мақалада күлдіргі әзіл-әңгімелері аясында да ру аттары кездесетінін назарға алып, ең алдымен, әр дәуірдің, әр кезеңнің ерекшелігіне, шындығына байланысты туган қалжың, әзіл-оспақ әңгімелер (анекдоттар) халқымыздың тарихымен, саяси-рухани, тұрмыс-тіршілігімен, тіпті, қазіргі қоғамдағы мінез-құлықты қалыптастыру мәдениетімен сабақтас екені де сөз етіледі.

Халық ауыз әдебиетінің күрделі де көркем дүниесі күлдіргі әзіл-әңгімелеріндегі ономастикалық атауларды жинақтап, оның ішінде қазақ руларының ешкімге ұқсамайтын ерекше бет-бейнесін «имиджін», «стереотипін» немесе «мінез-құлық прагматизмін» қазақ ономастикасы аясында кешенді түрде зерттеудің маңызы зор екенін ұсынады.

Кілт сөздер: қазақ ономастикасы, күлдіргі әзіл-әңгімелер, анекдот термині, мінез-құлық имиджі, қазақтың ру аттары (этнонимдер).

1 Кіріспе

Қазақ ауыз әдебиетінің аса бай фольклорлық мұрасының бірі – күлдіргі әзіл-әңгімелер.

Күлдіргі әзіл-әңгімелер – ел аузында сақталып келген аңыздар, батырлық жырлар, айтыстар, шешендік сөздер, т.б. сияқты, халық ауыз әдебиетінен, мәдениеті мен тарихынан мағлұмат беретін, өзіндік ерекшеліктері, көркемдік қасиеттері, тарихи-танымдық белгілерімен дараланып көрсететін баға жетпес байлығымыз.

Қазақтың асыл мұрасы – күлдіргі әзіл-әңгімелерін түрлі деңгейде жинап, зерттеулер жүргізген Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Г.Потанин, Н.Ильминский, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов, Ә.Марғұлан т.б. ғалымдар бұл әдеби мұраның негізін қалап, жанрлық дәрежеге дейін көтерсе, Тәуелсіздік жылдарын қоспағанда, Абай, Ыбырай, Ә.Диваев, т.б. бұрынғы және кейінгі кеңестік кезеңдегі зиялы қауымдарының қосқан үлестері өз алдына бір төбе.

Қоғамда дамыған әрбір өркениетті ел сияқты, қазақ халқы ертеден-ақ, ойын-сауық, ән-күйді, әзіл-күлкіні, өлең-жырды сүйген халық және әзіл-қалжыңға кенде емес. Соның бір тобы – құрбы-құрдас, нағашы-жиен, ата-келін, балдыз-жезде, қайны-жеңге және ру-руды, жеке адамды сынап-мінеу (астын сызған – біз), т.б. адамдарға қатысты айтылатын қалжың, әзіл-оспақтар (анекдот – астын сызған біз) туралы сөздер мен әңгімелер екені белгілі. Оның бастау тарихы сонау халық ауыз әдебиетінде, яғни Қожанасыр, Алдаркөсе, Тазша бала әңгімелерінде жатса керек. Олар халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде болып жататын жақсылық-жаманды жайттарды, әсіресе, келеңсіз көріністерді жіті байқап, әжуалап, әзіл-қалжыңға, мысқылға айналдырғанын, тіпті, бір ғана ойын-сауық кешінде адамдардың бір-біріне айтылатын қаншама әзіл-күлкіден, қағытпа қалжыңынан сол ортаның тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, эстетикалық талғамы, олардың қарым-қатынасы туралы қызықты мағлұматтарды айқын көреміз. Соның бір көрінісі – қазақ руларына да тән. Қазақ топырағында туған руларға қатысты әзіл-қалжыңынан досына деген әзіл-оспақ, зілсіз қалжыңын, ал қарсыласына деген ызалы күлкісі мен уытты мысқылынан сол рудың өзіне тән көңіл күйі, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, іс-әрекетін, яғни этностық стереотипін* т.б. ерекшеліктерін (бет-бейнесі), танымдық, рухани-мәдени болмысын халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінің бірі – күлдіргі әзіл-әңгімелерінен де (*бұдан әрі – Анекдот*) кездестіреміз.

Халық ауыз әдебиетіндегі қысқа, ауызша күлкілі әзіл-әңгімелердің өн бойында қазақ руларының қоғамда болып жатқан қарама-қайшылықтарын, жағымсыз іс-әрекеттерін, тіпті, мінез-құлықтарындағы т.б. ерекшеліктерін әжуалап, ұшқыр оймен халықты сол сәтте күлкіге қарқ қылса, екіншіден, күлкі – сенің кім екеніңді, іс-әрекетіңді, мінез-құлқыңды, сырыңды еріксіз сыртқа шығаратын психикалық құбылыс, үшіншіден, күлкі арқылы өз қарсыласына, үстем тап өкілдеріне ызалы күлкісі мен уытты мысқылын қару етіп, сол заманның тынысын, шынайы шындығын бір ауыз сөзбен түйіндей білген.

Осы орайда, фольклоршы А. Бейсенғалиева: «Әр халықтың ұлттық тіл ерекшелігіне орай күлдіргі әзіл әңгімелерді атауы әр түрлі аталып келеді. Өзбектер оны «ләтифалар» десе, түрікпендер «шота сөз», татарлар «мәзек» дейді. Орыс тілінде «анекдот», «байка» деп жүргенімізде сайып келгенде, осы күлдіргі әңгімелер деген түсінікті береді. Қазір СССР халықтарының, сондай-ақ дүние жүзіндегі басқа да елдердің күлдіргі әзіл әңгімелері орыс тілінде «анекдоты» деген атпен шығарылып жүр. Ал «анекдот» деген сөздің өзінің төркініне үңілсек, ол грекше жарияланбаған, ауызша тараған деген ұғымды білдіреді. Демек, мұны ортақ термин ретінде қабылдауға болатындай» [Бейсенғалиева, 1988, 8-б],- деп жазғандай, зерттеуші отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері негізінде күлдіргі әзіл-әңгімелерді «анекдот» термин аясында қарастыруды ұсынады.

* Ескерту: Ғаламторда: «**Этникалық стереотиптер** деп, әртүрлі этникалық қауымдастықтардың өкілдеріне тән салыстырмалы түрде адамгершілік, коммуникативтік, психикалық, түрлі іс-әрекетін білдіретін қасиеттерін айтамыз. Этникалық стереотиптердің мазмұнында, әдетте, осы аталған қасиеттер туралы бағалаушылық пікірлер қамтылады. Сонымен қатар, этникалық стереотиптердің мазмұнында белгілі бір ұлттың (рудың) адамдарына қатысты іс-әрекет қасиеттері болуы да мүмкін...»,- деп анықтама берілсе, этнограф Ю.В. Бромлей **этностық стереотип** деп, сол ұлттың (рудың-астын сызған біз) ерекшелігін, мінез-құлқына берген бағаны назарға алса, А.К. Байбурын, Б.С. Ерасова және И.С. Конаның еңбектерінде **этностереотипті** қоғамдық және жеке сананың проблемасы тұрғысынан зерттеуді ұсынып, оларды әр түрлі қырынан: мысалы, әлеуметтік стереотипі, ойлау стереотипі, этностық стереотипі, орыс, француз, американдық және ағылшын туралы стереотиптері, мәдени стереотипі, қарым-қатынас стереотипі және т.б. қарастырып, жіктейді.

Қай халықтың анекдоты болмасын, олардың бойынан бірде адамның жағымды қасиеттерін үлгі етіп, паш етсе, енді бірде жағымсыз қылықтарын әжуалап, келеке еткенін көреміз.

Жоғарыдағы автор пікірін құптай отырып, әр дәуірдің, әр кезеңнің ерекшелігіне, шындығына байланысты туған анекдоттар халқымыздың тарихымен, саяси-рухани-мәдени, тұрмыс-тіршілігімен сабақтас екенін ескеріп, біздіңше, «анекдот» сөзіне синоним ретінде «көңілашар» сөзін қатар қолдануға болады деп ойлаймыз. Демек, «анекдот» не «көңілашар» деп, бір сәт болса да адамдарды күлдіре отырып, қоғамдағы жағымсыз қылықтардан жирендіріп, жағымды қасиеттерін паш етіп, күлкі арқылы сол әзіл-қалжыңнан ғибрат алып, арман-мақсатқа, жақсылыққа жетелейтін қысқа да, нұсқа күлдіргі әзіл-әңгіме деп қараған жөн.

Осы жерде, *көңілашар* екі сөздің бірігуінен жасалған: *көңіл* және *ашар*. Сөздікте: «Көңіл сөзі – 1. Ішкі эмоциялық сезім, сана. 2. Ой, қиял, арман» [Жанұзақов, 2008, 414-б], - делінсе, біздіңше, *көңілге* әдеп, этика, этикет, мәдениетті адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасын, т.б. жатқызуға болады. Ал бүгінде жиі тойланып жүрген *Тілашар* дәстүріндегі *ашар* сөзі «бата алу, ғибрат алу, жақсылыққа ұмтылу» мәнін білдіреді. Сондай-ақ, тілімізде сирек қолданылатын *ұйқыашар* сөзі туралы «...Ұлыстың ұлы күні қыздар жағы бозбаланы көңілі хош көрсе, «жігіттер ұйықтап қалмасын» деп жас малдың етіне уыз қосып, дәмдеп тағам пісіріп, «Ұйқыашар» дайындаған екен. ...Бүгінде ұмыт болып бара жатқан «Ұйқыашар» мен «Селтеткізер» деген Ұлыстың ұлы күніндегі сыңардың жұптасуы, одақ құруы» [Ғаламтор, 2024], - деп жазады.

Олай болса, *тілашар*, *ұйқыашар* сөздеріндегі және біз қарастырып отырған анекдоттың синонимі ретінде *көңілашар* компонентіндегі *ашар* сөзін «ғибрат алу, бата алу, жақсылыққа ұмтылу» мәнінде қарап, «көңілашар» сөзін бір сәт болса да сол әзіл-қалжыңнан ғибрат алып, көңіл-күйін көтеруі, жақсылыққа ұмтылуы деп қараған жөн.

Ұлы хакім Абай 4-ші қарасөзінде: «Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екен,.. Үнемі күлмей жүре аламыз ба, үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? ...әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рақаттанып күлме, ыза болғандығыңнан күл, ызалы күлкі – өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рақаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылықтан тапқандығынан ғибрат көріп күл» [Абай, 1995, 283-б], - деп, әзіл-қалжың аясында күлкіні орнымен қолданып, арзан күлкіден аулақ болуға үндейді. Ұлы Абай айтқандай, қазақ әзіл-қалжыңы аясындағы күлкіні рахаттану, ызалы т.б. күлкі түрлеріне бөліп, қарастыруға болатынын ескерсек, күлкі, күлкілі әзіл-әңгімелер бұрында да, қазірде де қоғамға қызмет етіп келеді.

Осы жерде ескеретін нәрсе: анекдотты құрылысы жағынан қысқа, ауызша әзіл-қалжың әңгіме, күлкілі немесе мысқыл түрде айтылған оймен аяқталатын сөйлеу жанры деп те айтуға болады. Алайда, қазақтың қалжың, әзіл-оспақ, күлдіргі әзіл-әңгімелері табиғаты жағынан сатира мен юмор жанрына жатады. Жалпы, қазақ сатирасы мен юморы жанры әдебиет саласында жан-жақты зерттелгендіктен, алдымызға оған тоқталуды мақсат етпедік.

Сондай-ақ, ғалым Г.Қ.Қортабаева «Қазақ ономапоэтикасы: сатиралық-юморлық кейіпкер аттары» атты докторлық жұмысында [Г.Қ.Қортабаева, 2007] қазақ ономастикасында сатира мен юмордағы кейіпкерлер, нақты алғанда, адам аттары ономастикалық кеңістікте этнолингвистикалық сипаты мен қолдану ерекшеліктері жан-жақты қарастырылса да, қазақы қалжың, әзіл-оспақ, күлкілі әзіл-әңгімелердегі ру аттарына жеке тоқталмауы, оның арнайы зерттеуді қажет ететін проблема деген пікірімізге келіп саяды.

2 Материалдар және әдістер

Материалдарды зерделеу барысында күлдіргі әзіл-әңгімелердегі (анекдот), ру-рудың, жеке адамның кемшілігін, мінез-құлқын сынап-мінегені туралы ең алдымен, «Сөз тапқанға қолқа жоқ. Күлдіргі әңгімелер, шешендік сөздер, толғау-термелер» (1988) атты кітаптағы және анекдотқа арқау болған кейбір ру аттары «Қазақ шежіресі хақында» (2000) және «Қазақтың ру-тайпа аттары» (2021) атты кітаптарындағы материалдары, сондай-ақ отандық ғалымдар

(Абай және А.Бейсенғалиева, Б. Адамбаев, М.Тілеужанов, т.б.) орыс ориенталистері (В.Радлов, Г.Потанин, Н.Ильминский, т.б.) жинаған материалдарды және олардың пікірлерін назарға алып, зерттеулерінде өз пайымдауларын білдіргенін ескеріп, зерттеуде салыстырмалы-талдау әдістері қолданылды.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Мақалада қазақ анекдотында кездесетін кейбір ру аттары ономастика аясында тарихи-танымдық, тілдік бағытта әлі де толық зерттелмегені назарға алынып, оларды танымдық тұрғыдан қарастырылды.

Оқырман назарына: алдымызға анекдоттың (әзіл-қалжың) қандай мақсатта, қандай сипатта, ниетте шыққанын топтап көрсетуді мақсат етпедік.

Мақала көлеміне орай, қазақ анекдотындағы (әзіл-қалжыңда) рулардың мінез-құлықтары жиі назарға алғанын ескеріп, олардың танымдық сипатын үш-төрт мысалмен шектеуді жөн көрдік.

Солардың бірі – ел аузындағы «Өткір тілді Өтеміс» атты әзіл-әңгіме желісіне мән берсек, оқиға былай өрбиді.

Бірде Махамбеттің әкесі Өтеміс пен Шектінің Сарыбөпе биі кездесіп, сонау жылдары Әлімұлы мен Байұлы руы арасындағы болған оқиғаны дауласа керек. Сөз арасында Сарыбөпе би де, Өтеміс те өз руының қандай екенін алға тартса да, соңында Өтеміс: «...Өзіңнен өзім артық туғасын» [Бейсенғалиева, 1988, 41-б], - деп, кезінде Сарыбөпе бидің ағайыны қандай адамдар болғанын айтып, екі ру арасындағы дауды тоқтата білген.

Бұл әзіл-әңгімеге сырттай қарасақ, табиғаты шешендік сөздерге жақындау, ал оның ішкі дүниесіне үңілсек, онда кекету, мұқату, өткір әзіл басым жатқанын көреміз. Бұдан Сарыбөпе өз руын қанша мақтаса да, қарсы жақтың кемшілігін кекетіп айтса да, өз бойындағы кемшілігін ескере бермегенін аңғарамыз. Ал «Тай да ат болар» [Бейсенғалиева, 1988, 236-237-б],- деген әзіл әңгімеден байқағанымыз: жолаушыға кекету, мұқату мәнінде жауап берген қарттың жауабына, жолаушы өзінің елі Ақтай екенін айтып, Ақтай сөзі құрамындағы «тай» сөзін ақсақалдың руы «мысқал»^{*} сөзімен салыстырып, «- Иә, ақсақал ол кезде өзіңіз де мысқал едіңіз, әлі ештеңе қоспапсыз, сіздер қадаққа^{*} толғанда, тай да ат шығатын болар» [Бейсенғалиева, 1988, 237-б], - деген жолдарынан, сол екі рулы адамдарының мінез-құлқын салмақ өлшеміне теңеу арқылы өткір әзіл-оспақ сөздерінің жауабынан аңғаруға болады. Бір қарағанда, әзіл-әңгімедегі Ақтай руы дулат, найман, керей және байұлы рулары құрамында [Қожанұлы, 2021, 1- бөлім, 30-б], ал Мысқал руы [Қожанұлы, 2021, 2-бөлім, 341-б] найман руында кездеседі. Біздіңше, дулат, керей және байұлы рулары құрамындағы Ақтай руымен найман руындағы Мысқал руы арнайы іздеп, әзілдемесе керек. Біздіңше, бұл әзіл-әңгіме найман руының Ақтай мен Мысқал руы арасындағы оқиға желісінен туған деп қараған орынды.

Ел аузындағы Тұяқ шешен мен дуанбасы Жайықбайдың Ыбырайы арасындағы әзілден ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздікпен бірге, елдің, жердің иесі кім екенін тапқырлық және ақыл-парасаттылықпен түйіндегенін байқаймыз.

Дуанбасы Ыбырай Тұяқ шешенмен кездескен сайын шешенсініп, әзілдесе береді екен. Сондай әзілдерінің бірі – «Бірде Тұяқ шешен жиынға кешігіп келіп, дуанбасы, әрі тәкаппар Ыбырайға сәлем берсе, қолын алмай, қолындағы аса тұяқтың ұшын ұсыныпты. Сонда Тұяқ шешен:

Маған ұры иттің мойнынан байлайтын кескек ағаштың керегі жоқ,- деп таяғын ұстамай қағып жіберіпті.

^{*} Ескерту: *мысқал* – 25 гр-ға тең салмақ өлшемі (Бір қадақта 96 мысқал бар); *қадақ* – екі жүз грамға тең салмақ өлшемі [Сөздік, 1997, 334-б].

Шынтақтап жатқан Ыбырай басын көтеріп алып:

- Ат төбеліндей азғана Тарақты, аттың түгіндей Алтай-Қарпықты екі күн күттіріп жолынан қалдырдың. Өзіңді протоколдап айдатып, күліңді көкке ұшырып жіберейін, - дейді.

- Тарақты аз болса, ағайыны Алтай-Қарпықтан аз шығар, Қазаннан қашып келген естектен аз емес. Аспанға ұшсам, көк тіреп ұшатын қанатым бар, жер тіреп қонатын құйрығым бар. Қанат-құйрықсыз қаңғыбас естек, сен атылсаң құнсыз, жоқтаусыз кетерсің, - депті, Тұяқ шешен» [Бейсенғалиева, 1988, 180-б], - дей келе, аз рулы Тарақты болсам да, жердің иесі де, киесі де «менмін» деп, өз үстемдігін көрсетіп, «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген философиялық ойды меңзейді. Осы жерде, күлдіргі эзіл-әңгімелерде қазақтың ішінде аулы аралас, қойы қоралас жүрген кірме ру адамдарының іс-әрекетіне қарай, жергілікті ру өкілдері анда-санда оларға сес көрсетіп сөйлеуінде ұмытпайды.

Кеңестік заманда еліміздегі дүмше қожа-молдаларға қатысты эзіл-қалжың, әжуа-мысқыл, сын-сықақ эзіл өлеңдер жеткілікті. Солардың бірі – «Ақан сері айтыпты» деген мына өлең жолына мән берелік.

Ақан сері бір жиында қожа-молдалардың арасына түсіп қалады. Ақынның өмір, дүние туралы айтқан сөздерін ұнатпаған молдалардың бірі Ақанға: «Дүние сөзін қойып, ақирет сөзін айтыңдар», - депті. Сонда ардагер ақын бет-жүздеріне қарамай:

Қожалар құр кеудесін көтереді,

Паңданып, маңғазданып жөтеледі.

О дүние, бұ дүниеден жақсы болса,

Алдымен қожа-молда кетер еді, - дей салғаны кімге болса да түсінікті болыпты» [Бейсенғалиева, 1988, 86-б], - деген жолдардан, *бір жағынан*, ақын өзі өмір сүрген замандағы қожа-молдаларды сынаса, *екіншіден*, қожа руының өкіліне тән мінез-құлықты да сипаттаса, *үшіншіден*, ақынның осы бір төрт шумағынан қожа руының бейнесін тайға таңба басқандай етіп, яғни қарашаны кем санап, қыздарын қарашаға бермейтінін, өздерін жоғары санайтын паңдық, тәкаппарлық мінез қылықтарын жеткізе білгенін көреміз.

Кеңестік заманда ислам дінін насихаттауда қожамен бірге ишандар да рөл атқарғаны және оларға қатысты күлдіргі эзіл-қалжың сөздер де жеткілікті. Соның бірі – сөзге жүйрік, шешен, адай руынан шыққан «Мәтжан айтты» деген қалжың сөздердің біріне тоқталсақ: «Бірде Шеркеш Мақаш пен Таз Қашқынбай бір топ жолдастарымен сау етіп, Адай Ахмет дейтіннің үйіне түсе қалады. Бұлардың ішінде бір ишан да болады. Осы кезде үстіне Мәтжан кіріп келеді. Ол сәлемдесіп болар болмастан-ақ ишан бір аятты зулата жөнеледі. Аяттан соң бәрі бет сипап болғанымен Мәтжан қолын жайған күйі отыра беріпті. Сонда Мақаш:

- Ау, Мәтжан! Бұл не өнерің? - деп сұрағанда, Мәтжан:

- Мына ишан сау адамға өлім тілеп, дұға оқып отыр, ал мен сіздерді одан арашалап тірілерге ғұмыр тілеп отырмын, - деген екен» [Бейсенғалиева, 1988, 187-188-б], - жолдарынан діни сауаттылығы бар Мәтжан шешен ишанның арам пиғылын осылайша мысқылдап әшкерелейді.

Жалпы, руларға қатысты эзіл-қалжыңдар көбінесе аталас, рулас ағайындар немесе көршілес рулар арасында болған. Біз зерделеген рулар туралы эзіл-әңгімелерден кездейсоқ не арнайы жиында болмаса, әдейі іздеп, мысалы, батыстағы Кіші жүздің бір руымен, сонау шығыстағы Орта жүз руының адамы келіп, эзілдеспегені белгілі.

Зерттеу барысында қазақ руларына қатысты эзіл-әңгімелерінен тағы бір байқағанымыз: *біріншіден*, ру ақындарының кездейсоқ немесе арнайы жиынға келгенде, оның ақындық деңгейін білу, ақындығын сынап-мінеу болса, *екіншіден*, отырғандардың іс-әрекетін тапқырлықпен, уытты мысқылмен эзіл-қалжыңдай отырып, төрден өз орнын алуы, *үшіншіден*, отырғандар ақынның ұтымды, зілді/зілсіз эзіл-қалжың сөзіне тоқтай білуі. Сондай эзілдің қатарына «Көбей ақын айтыпты» деген топтаманы жатқызуға болады. Мысалы:

Қазіргі Батыс Қазақстан облысында (бұрынғы Жаңақала ауданы, 7-ші ауыл) сөзге жүйрік Серғазы, Әлғазы, Жұмағазы дейтін ағайындылар бір байдың үйіне түсіп отырса, үстіне руы Алаша Көбей ақын сәлемдесіп, кіріп келеді.

Сонда төрде отырған Серғазы Көбейдің сәлемін алмастан:

- Әй, Көбей, сен ақын болсаң, ойланбастан өз қақыңда бір ауыз өлең айтта, төрлет, ал айта алмасаң, әрмен кет, - деген екен.

Сонда Көбей ойланбастан:

Алашқа атым шыққан мен Көбеймін,

Беріштің Қисығындай бер демеймін.

Тоқалда көйлек те жоқ, дамбал да жоқ,

Оны мен үйге жүріп көр демеймін, - деп отырғандардың алымсақтық іс-әрекеттерін келекелей кеткен екен [Бейсенғалиева, 1988, 184-185-б].

Тағы бірде Көбей ақын: «Руы Беріш Қайырлы деген старшын жыл сайын құмға шыққан құмаршықты* өзі шығып, елге бөліп беріп жүреді. Бір жылы Қайырлы мұрны пұшық Зайырлы деген інісін ерте шығыпты. ...үйге кіріп келсе, Қайырлының алдында құнан қойдың шара табақ еті, қасында ауыл адамдары қаумалап отыр екен. Салған жерден Қайырлы Көбейге: «Әй, ақын, сен бір ауыз өлең айтпай есіктен бері аттама», - деп бұйырады.

Сонда Көбей тоқтамастан:

Келемін Қияқтыдан құстай ұшып,

Низамның он бесінде қақпақ пісіп,

Мен келсем, төрде жалғыз Қайырлы отыр,

Сәл төмен Зайырлы отыр, мұрны пұшық –

Құманның шүмегіндей ұшып түсіп.

Құдайым мені риздықсыз жаратқан ба –

Тұр екен ет те әзір пісіп-түсіп, - деп төрлете беріпті» [Бейсенғалиева, 1988, 185-б].

Бұл жолдардан, уытты мысқыл әзілі арқылы өзі мен інісінің сол сәттегі бейнесін «құманның шүмегіне» теңеп, «айтылған сөз, атылған оқ» дегендей, бұл сөз елге жайылып кетпесін деп, амалсыздан ақынды құрметтеп, төрден орын беру дәстүрін байқаймыз. Бір сөзбен айтқанда, біздіңше, *біріншіден*, ақынның ақындық деңгейін білу, оның суырып салма өнерін сынау мақсатында айтылған сөздерді – айтыс жанрына, *екіншіден*, бас аяғы бір-екі шумақпен бірін-бірі мінеп, әжуалап не руларын мақтап айтқан сөздерді – шешендік сөздерге жатқызу бола қоймас. Сондықтан, мұндай өлең түрінде келетін әдеби жанрдағы әзіл түрлерін айтыстан, не шешендік сөздерден гөрі, күлдіргі әзіл-әңгімелер жанры ретінде қараған жөн.

Жалпы, халық ауыз әдебиетінің басқа мұраларына қарағанда, күлдіргі әзіл-әңгімелері (анекдот немесе көңілашар) қазақ ономастикасы аясында әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмегенін ескерсек, онда кездесетін қазақтың руларына қатысты тілдік деректер де қазақ этнонимдерінің, оның ішінде өңір этнонимдерінің өзіне тән ерекшеліктерін, олардың мінез-құлқы имиджін, этностереотипін анықтауға ықпал етеді. Сонымен қатар, ру мен ру арасындағы жақсылы-жаманды жәйттарды, әсіресе келеңсіз көріністерді тез байқайтын әзіл-қалжың, әжуа-мысқыл, уытты әзіл, арзан, әрі зілсіз әжуа күлкі арқылы қоғамның әлеуметтік мәселелерін көтере білгенін көреміз.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан соңғы кезде шетелдік және отандық білім беру жүйесінде жиі айтылып жүрген ұйымдардағы (рулардағы – астын сызған біз) мінез-құлықтың 4 қадамы: проблеманы тұжырымдау, ақпарат жинау, идея тудыру, идеяны бағалау [Стивен, 2019, 124-б] сол заманның өзінде-ақ әзіл әңгімелердегі руларда мойындалғанын көруге болады. Және рулар бойындағы мінез-құлық ерекшеліктері, себептері қазіргі тілмен айтқанда, креатив әлеует пен креатив орта [Стивен, 2019, 123-б] арқылы қалыптасып, сол рудың (жеке адамның) мінез-құлық қасиеттері қоршаған ортаның әсерімен бірге, оны көру, қабылдау және оған деген сеніміне де негізделеді. Сөйтіп, сол замандағы ел ішінде болып тұратын даулы мәселелерді шешуде ру басының бойындағы мінез-құлқынан және кез келген жағдайда ортақ ымыраға келіп, бейімделіп отырғанын, сол заманында да қазіргі жаһандану заманындағы қалыптасқан менеджерлік қасиеттің болғанын аңғарамыз. Бұл ұлы Абайдың 39-шы сөзіндегі:

* Ескерту: *құмаршық* – құмды жерде өсетін тары тектес жабайы өсімдік [Сөздік, 1997, 152-б].

«...бұл замандағылардан артық екі мінез бар екен. ...Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. ...Екіншісі, намысқор келеді екен» [Абай, 1995, 338-339-б], - деген жолдарымен сабақтасып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, әзіл-оспақтардан қазақтың ру, тайпалары бойынан өзіне тән ұлттық мінезі мен психологиялық ерекшелігін, дүниетанымын, өмірдегі шындық болмысын, мәдениетін көре аламыз.

5 Қорытынды

Мақала көлеміне орай, қазақтың күлдіргі әзіл-әңгімелеріндегі кейбір ру аттарына тоқталып, хал-қадірімізше оқырман назарына ұсындық. Ел ішінде пәленше, түгенше айтқан екен деген қалжың, әзіл-оспақтарды (анекдотты), бір сөзбен айтқанда, қазақ анекдотын күлкі түлеріне («күлкі» концепті) қарай топтап, тәлім-тәрбиелік, танымдық тұрғысында зерттеу алдағы міндеттеріміздің бірі болмақ.

Жалпы, қазақ руларының өзіне тән ерекшеліктері, өмірлік ұстанымдары мен қағидалары және мінез-құлқына тән құндылықтарды зерттеу – өзекті проблема болғанымен, бұл мәселеге отандық ғылымда кешенді зерттеу жүргізілмегені белгілі. Соңғы кезде шетелдік және отандық қоғамдық және гуманитарлық ғылымның жетістіктері негізінде ұйымдардағы мінез-құлықты кешенді түрде зерттеу жұмыстарының қолға алынуы (мысалы, қоғамда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру), кешегі этностың (халықтың) іс-әрекетімен сипатталуы, оның ішінде қазақ руларының рухани-мәдени, әлеуметтік-саяси, тарихи, діни көзқарасы, дүниетанымы мен эстетикалық талғамы, бітім-болмысы, мінез-құлық, т.б. қасиеттеріне берілген бағамен де сабақтасып жатыр.

Қазақтың күлдіргі әзіл-әңгімелеріндегі анекдотты қазіргімен салыстырғанда, біршама өзге мағынаға ие болғаны, тіпті, бұрынғы және қазіргі кездегі тарихи тұлғалардың өмірінен алынып, нақты оқиғаға құрылған күлдіргі әзіл-әңгімелерді айтпағанда, рулардың іс-әрекетіне тән мінез-құлқы мен ой-өрісін, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігімен қатар психологиялық, т.б. ерекшеліктерін ашып көрсететін өзін қоршаған ортадағы этностар (адамдар не ру, тайпа) арасындағы қарым-қатынастары туралы бұдан да тереңірек болжамдар айтуға және қазақ анекдотындағы сол рудың ешкімге ұқсамайтын ерекше бет-бейнесін «имиджін», «стереотипін» немесе «мінез-құлық прагматизмін» қазақ ономастикасының этноним аясында жеке зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе екені сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Сөз тапқанға қолқа жоқ: Күлдіргі әңгімелер, шешендік сөздер, толғау-термелер//Елаузынан жинағандар: А. Бейсенғалиева, С.Әбілғазин, С. Қарамендин. – А.: «Жазушы», 1988. – 608 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы ред. басқ.: Т.Жанұзақов. – А.: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.
3. «Ұйқыашар» мен «Селтеткізер» деген не?//<https://turantimes.kz/talday/41893/jyasharmen-seltetkzer-degen-ne.html> – қараған күні (review date) – 24.02.2024.
4. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – А., 1995. – 384 б.
5. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – А.: «Сөздік-Словарь», 1997. – 386 б.
6. Қожанұлы М. Қазақтың ру-тайпа аттары (этнонимдер) сөздігі. – Нұр-Сұлтан, 2021. 1-бөлім. – 306 б.; 2-бөлім. – 310 б.
7. Стивен Р., Тимати Дж. (2019) Ұйымдық мінез-құлық негіздері, 14-басылым. – А.: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ., 2019. – 488 б (қазақ тілінде).

КОЖАНУЛЫ, М.

НЕСКОЛЬКО СЛОВ О ЭТНОНИМАХ В КАЗАХСКИХ ЮМОРИСТИЧЕСКИХ РАССКАЗАХ

В статье рассматривается одна из отраслей народной устной литературы – юмористические рассказы, основанные на взглядах отечественных ученых, в рамках казахской ономастики.

Автор акцентирует внимание на шутках и юмористических словах, связанных с некоторыми родами, «говорили ораторы» в юмористических рассказах казахов, а также рассматривается на их тонкостях в ономастическом пространстве.

Учитывая, что в контексте юмористических рассказов встречаются и родовые имена, в первую очередь, шуточные, юмористические рассказы (анекдоты), связанные со спецификой, реальностью каждой эпохи, каждого периода, связаны с историей нашего народа, политико-духовной, быта и даже с культурой формирования поведения в современном обществе.

Обобщение важности комплексного изучения художественного мира ономастических названий в юмористических рассказах народной устной литературы и предполагает, что большое значение «имиджа», «стереотипа» или «поведенческого прагматизма» в контексте казахской ономастики.

Ключевые слова: казахская ономастика, юмористические рассказы, термин анекдот, имидж поведения, казахские родовые имена (этнонимы).

KOZHANULY, M.

A FEW WORDS ABOUT ETHNONYMS IN KAZAKH HUMOROUS STORIES

The article examines one of the branches of folk oral literature – humorous stories based on the views of domestic scientists, within the framework of Kazakh onomastics.

The author focuses on jokes and humorous words associated with some genera, "the speakers said" in the humorous stories of Kazakhs, and also examines their subtleties in the onomastic realm.

Considering that in the context of humorous stories, generic names are also found, first of all, jocular, humorous stories related to the specifics, reality of each epoch, each period, are associated with the history of our people, political and spiritual, everyday life and even with the culture of behavior formation in modern society.

The comprehensive exploration of onomastic names within humorous folk oral tales highlights the substantial role of "image," "stereotype," or "behavioral pragmatism" within the realm of Kazakh onomastics.

Key words: kazakh onomastics, humorous stories, term "humorous anecdote", image of behavior, kazakh generic names (ethnonyms).

ӘОЖ 82.0(574)

Серікбай Оспанұлы,

Бібырай Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық мұражайының ғылыми қызметкері, профессор

Күлзада Мырзағалиева,

филология ғылымдарының кандидаты,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы

Қостанай өңірлік университетінің

қауымдастырылған профессоры

СЕРІК МАҚПЫРҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРГЕ, ОҚЫТУШЫЛАРҒА, СТУДЕНТТЕРГЕ ТАНЫМДЫҚ- ТАҒЫЛМДЫҚ ӘСЕРІ

Түйін

Мақалада, аты айтып тұрғандай, ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орнында сабақ берген, білімді де білікті, тәжірибесі де мол ұстаз-ғалым Серік Мақырұлы еңбектерінің мұғалімдерге, оқытушыларға, студенттерге танымдық-тағылымдық әсері нақты мысалдар келтіріле отырып жеткізіледі.

Кілт сөздер: *Өлең, Юля Жадовская, автор, шығарма, тақырып, туынды, жинақ.*

1 Кіріспе

Серік Мақырұлының күнделікті басылымдарда жарық көрген мақалаларын оқып, көңіліміз бір көтеріліп қалатын. Өйткені ол көкейімізде жүрген ойларымызды дәл тауып, құнарлы тілімен жеріне жеткізе айтатын. Екеуіміз де тіл маманы болғандықтан, әсіресе, ана тілі төңірегіндегі ой-толғамдары ұнайтын.

МАЗМҰНЫ**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Арутюнян, А.В.</i> Александр Евлаховтың әңгімелерінің поэтикасы және чехов прозасының.....	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Мешітбай, А.Қ.</i> Зейнолла Шүкіров шығармаларындағы табиғат көрінісі	7
<i>Қожанұлы, М.</i> Қазақтың күлдіргі әзіл-әңгімелеріндегі этнонимдер туралы бірер сөз	11
<i>Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.</i> Серік Макпырұлы еңбектерінің мұғалімдерге, оқытушыларға, студенттерге танымдық- тағылымдық әсері.....	18
<i>Шолпанбаева Г.А., Адилова, Ж.Е.</i> Есімдердің өзге тілдерде қолданылатын ерекшеліктері.....	24

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

<i>Ақантай, Н. Н., Тастанов, М.Г.</i> Физика олимпиадасының студенттерін даярлаудың жалпы принциптері.....	29
<i>Ахметханова, Д.О., Тастанов, М.Г.</i> Дирихле есебін шешудің математикалық әдістері.....	33
<i>Барсакбаева, М.Б.</i> Қостанай қаласының жанармай құю станцияларында мұнай өнімдерімен ластанған топырақ микрофлорасының биоремедиациялық әлеуетін бағалау ерекшеліктері.....	40
<i>Бейшов, Р.С., Жунисбеков, Н.Е.</i> Өсімдердің фитохимиялық құрамына қоршаған орта факторларының әсерін бағалау.....	47
<i>Бейшов, Р.С., Смаилова, А.И.</i> Өнеркәсіптік кәсіпорындардың табиғи ортаға экологиялық әсерін бағалау әдістері.....	50
<i>Конысбаева, Д.Т., Рұлёва, М.М., Баубекова, Г.К.</i> Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының құрметті профессоры, биология ғылымдарының докторы Т.М. Брагина-ның теориялық және қолданбалы биологиясындағы ғылыми мұра кезендері.....	55
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Белгілі бір бағытта дөңеске жақын функциялардың бір класы туралы	60
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Аналитикалық функциялардың кейбір кластарындағы логарифмдік туындыны бағалау.....	66
<i>Мефодьева Н.К.</i> Бастауыш мектепте математика сабағында жоба әдісін қолдану	72
<i>Хырхынбай, Ж., Мұқанбетсадықова, А. Қ.</i> ЖМБ сыныптарында математикамен пәнаралық интеграция кезінде ЖИ технологияларын қолдану	75

ИНЖИНИРИНГ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ

<i>Нурмагамбетов, Б.Б.</i> Білім беру процесінде виртуалды шындықты қолданудың теориялық талдау (ғарышты зерттеу мысалында).....	83
<i>Савина, Д.Е.</i> 3D модельдеуді зерттеу үшін цифрлық білім беру ресурстарын салыстырмалы талдау	89

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

<i>Бейшов, Р.С., Алитанова, М.К.</i> Шаруашылық жарамдылығын бағалау үшін дәнді және тұқым себу сапасын зерттеудің рөлі мен маңызы	97
<i>Каримова А.К.</i> Қостанай ауданының микросателитті ДНҚ-маркерлердің негізіндегі герефорд тұқымды ірі қара малдың генетикалық полиморфизмі.....	102
<i>Райымқұлова, М.Қ., Бектас, Ж.С.</i> Сірке қышқылы туындыларының ферменттерді тежеу белсенділігін зерттеу	108

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР

Коваль, А.П., Баяндин, М.А., Мишулина, О.В. Әлеуметтік бағдарланған сақтандыру өнімдерін дамыту контекстіндегі ҚР сақтандыру нарығының трендтері 117

Меңлікқожаева, С.Қ., Аймұратова, Т.С. Болашақ мамандарды педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынасқа баулу 124

Шамкенов, Р.Ж., Давлетбаева, Ж.Ж. Ақмола облысының туристік индустриясындағы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру 132

БІЗДІҢ АВТОРЛАР 140

АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА 147

СОДЕРЖАНИЕ

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО

<i>Арутюнян, А.В.</i> Поэтика рассказов Александра Евлахова и традиции чеховской прозы	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Мешітбай, А.Қ.</i> Пейзаж в произведениях Зейноллы Шукурова.....	7
<i>Қожанұлы, М.</i> Несколько слов о этнонимах в казахских юмористических рассказах	11
<i>Оспанулы, С., Мырзагалиева, К.</i> Воспитательное воздействие произведений Серика Макпырулы на учителей, преподавателей и студентов	18
<i>Шолпанбаева, Г.А., Адилова, Ж.Е.</i> Особенности употребления имен в других языках	24

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

<i>Ақантай, Н. Н., Тастанов, М.Г.</i> Общие принципы подготовки студентов физической олимпиады	29
<i>Ахметханова, Д.О., Тастанов, М.Г.</i> Математические методы решения задачи Дирихле.....	33
<i>Барсакбаева, М.Б.</i> Особенности оценки биоремедиационного потенциала микрофлоры почв, загрязненных нефтепродуктами, на заправочных станциях города Костаная	40
<i>Бейшов, Р.С., Жунисбеков, Н.Е.</i> Оценка влияния факторов окружающей среды на фитохимический состав растений	47
<i>Бейшов, Р.С., Смаилова, А.И.</i> Методы оценки экологического воздействия промышленных предприятий на природную среду	50
<i>Коньсбаева, Д.Т., Рұлєва, М.М., Баубекова, Г.К.</i> Вехи научного наследия в теоретической и прикладной биологии почетного профессора Костанайского государственного педагогического института доктора биологических наук Т.М. Брагиной	55
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Об одном классе функций, близких к выпуклым в определенном направлении.....	60
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Оценки логарифмической производной в некоторых классах аналитических функций	66
<i>Мефодьева, Н.К.</i> Использование метода проектов на уроке математики в начальной школе.....	72
<i>Хырхынбай, Ж., Мұқанбетсадықова, А. Қ.</i> Применение технологий ИИ при межпредметной интеграции с математикой в классах ЕМН.....	75

ИНЖИНИРИНГ И ТЕХНОЛОГИИ

<i>Нурмагамбетов, Б.Б.</i> Теоретический анализ использования виртуальной реальности в образовательном процессе (на примере изучения космоса).....	83
<i>Савина, Д.Е.</i> Сравнительный анализ цифровых образовательных ресурсов для изучения трехмерного моделирования.....	89

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ, ВЕТЕРИНАРНЫЕ НАУКИ

<i>Бейшов, Р.С., Алтанова, М.К.</i> Роль и значение изучения зерна и посевных качеств семян для оценки хозяйственной пригодности.....	97
<i>Каримова, А.К.</i> Генетический полиморфизм герефордского скота на основе микросателлитных ДНК-маркеров.....	102
<i>Райымқұлова, М.Қ., Бектас, Ж.С.</i> Изучение ферментингибирующей активности производных уксусной кислоты	108

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ

<i>Коваль, А.П., Баяндин, М.А., Мишулина, О.В.</i> Тренды страхового рынка РК в контексте развития социально-ориентированных страховых продуктов	117
--	-----

<i>Меңліқожаева, С.Қ., Аймұратова, Т.С. Привлечь будущих специалистов к взаимоотношениям в педагогической деятельности.....</i>	124
<i>Шамкенов, Р.Ж., Давлетбаева, Ж.Ж. Повышение эффективности взаимодействия государства и бизнеса в туристической индустрии Акмолинской области.....</i>	132
НАШИ АВТОРЫ	143
ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ.....	150

CONTENT

HUMANITIES AND ARTS

<i>Arutyunyan, A.V.</i> Poetic manner of Alexandr Yevlakhov's stories and the traditions of chekhovian prose.....	3
<i>Bekbosynova, A.Kh., Meshitbay, A. K.</i> Landscape in the works of Zeynolla Shukurov.....	7
<i>Kozhanuly, M.</i> A few words about ethnonyms in kazakh humorous stories.....	11
<i>Ospanuly, S., Myrzagaliyeva, K.</i> The educational impact of Serik Makpyrula's works on teachers, lecturers and students.....	18
<i>Sholpanbayeva, G. A., Adilova, Zh. Y.</i> Features of the use of names in other languages.....	24

NATURAL SCIENCES

<i>Akantai, N.N., Tastanov, M.G.</i> General principles of preparing students for the physical olympiad.....	29
<i>Akhmetkhanova, D.O., Tastanov, M.G.</i> Mathematical methods for solving the Dirichlet problem.....	33
<i>Barsakbayeva, M.B.</i> Features of the assessment of the bioremediation potential of the microflora of soils contaminated with petroleum products at gas stations in the city of Kostanay.....	40
<i>Beishov, R.S., Zhunisbekov, N.E.</i> Assessment of the influence of environmental factors on the phytochemical composition of plants.....	47
<i>Beishov, R.S., Smailova, A.I.</i> Methods for assessing the environmental impact of industrial enterprises on the natural environment.....	50
<i>Konysbaeva, D.T., Rulyova, M.M., Baubekova, G.K.</i> The scientific heritage milestones in theoretical and applied biology of T.M. Bragina, doctor of biological sciences and honorary professor of the Kostanay state pedagogical institute.....	55
<i>Maiyer, F.F.</i> About one class of functions that are close to convex functions in a certain direction.....	60
<i>Maiyer, F.F.</i> Estimates of the logarithmic derivative in some classes of analytical functions.....	66
<i>Methodieva N.K.</i> Using the project method in a math lesson in elementary school.....	72
<i>Khyrkhynbay, Zh., Mukanbetsadykova, A. K.</i> The use of AI technologies in interdisciplinary integration with mathematics in the NMD classes.....	75

ENGINEERING AND TECHNOLOGY

<i>Nurmagambetov, B.B.</i> Theoretical analysis of the use of virtual reality in the educational process (based on the example of space study).....	83
<i>Savina D.E.</i> Comparative analysis of digital educational resources for studying 3D modeling.....	89

AGRICULTURAL, VETERINARY SCIENCES

<i>Beishov, R.S., Alitanova, M.K.</i> The role and importance of studying grain and solving qualities of seeds for assessing economic suitability.....	97
<i>Karimova, A.K.</i> Genetic polymorphism of hereford cattle based on microsatellite DNA markers.....	102
<i>Raiymkulova, M.K., Bektas, Zh.S.</i> Study of enzyme inhibitory activity of acetic acid derivatives.....	108

SOCIAL SCIENCES

<i>Koval, A.P., Bayandin, M.A., Mishulina, O.V.</i> Trends in the insurance market of the republic of Kazakhstan in the context of the development of socially oriented insurance products.....	117
---	-----

<i>Menlikozhaeva, S.K., Aimuratova, T.S.</i> Engaging future specialists in relationships in teaching activities	124
<i>Shamkenov, R.Zh., Davletbaeva, Zh. Zh.</i> Enhancing the effectiveness of state and business interaction in the tourism industry of the Akmola region	132
OUR AUTHORS	145
INFORMATION FOR AUTHORS	153

Компьютерлік беттеу: С. Красикова

Компьютерная верстка: С. Красикова

Басуға 15.04.2024 ж. берілді.
Пішімі 60x84/8. Көлемі 12,0 б.т.
Тапсырыс № 027

Подписано в печать 15.04.2024 г.
Формат 60x84/8. Объем 12,0 п.л.
Заказ № 027

Ахмете Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университетіндегі
редакциялық-баспа бөлімінде басылған
Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47

Отпечатано в редакционно-издательском отделе
Костанайского регионального университета
имени Ахмет Байтұрсынұлы
г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47